

**С.Ж.АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА
УНИВЕРСИТЕТІ**



**КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
МЕДИЦИНСКИЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА**

Жарғының негізгі өзегі

Орындаған: Құспанова Т.М.
Тексерген: Сүлейменова Г.Қ
Курс: 2
Группа: 15-001-02

Жарғының негізгі өзегі

● Жарғы қазақ арасында кең таралған, ғасырлар елегінен өткен Қасым, Есім, Тәуке ханның заңдар жинағының негізін қуаттайды және жетекшілікке алады. Ол арғы түбін Алаштан алатын, қазақ елінің бірлігін, туыстығын сақтап қалуды көздейді. Қандай да болмасын билік, бітім сөз қазақтың арасын ашпай «жарасуға», «қарындасқа» бастайды. Жарғыда:

✓ Хан, ұлыс сұлтаны, билердің жеке бас қасиеттерінің жоғары туруын

✓ Қылмыстық істер: “қанға-қан”, “көзге-көз” ережесімен шешіледі (кешірім болса ғана құн мен айып қолданылады)

✓ Неке мен отбасы

✓ Меншік құқығы

✓ Діннен безу (құдайға тіл тигізу) т.б. мәселелер қаралады.

ДАЛАНЫҢ АЛФАШҚЫ ЗАҢДАРЫ

ПЕРВЫЕ ЗАКОНЫ СТЕПИ



(1445–1518)
«ҚАСҚА ЖОЛЫ»
(СВЕТЛЫЙ ПУТЬ)
ҚАСЫМ ХАН



(1598 — 1628)
«ЕСКІ ЖОЛЫ»
(ДРЕВНИЙ ПУТЬ)
ЕСІМ ХАН



(1626–1718)
«ЖЕТИ ЖАРҒЫ»
(СЕМЬ ЗАКОНОВ)
ТӘУКЕ ХАН

Бірінші таған: Мемлекет және билік

Билік деңгейлері:

- 1) *Ақсақал билігі* – ата баласының ішінде жүреді.
- 2) *Рулы елдің билігі*- сол елдің ішінен шыққан көсемге тапсырылады. Жақсы би өз руын өрге сүйрейді, өз бас бұзарын өзі жазалайды.
- 3) *Ұлыс бии*- бірнеше руға иелік етеді, (жаугершілік жағдайда кемі 10 мың жігіт шығара алатын одақ, бас билігі, сыртқы саясаты ұлыс сұлтанының қолында) шаруашылық және әлеуметтік өміріне басшылық жасайды.
- 4) *Орда бии*- тұтас жүздің басшысы, би атағының ең биік деңгейі. Жалпы халықтық мәселелерді шешуге, өзге елдермен тікелей қарым-қатынас мәселелерін шешеді.
- 5) *Хандық билік* – хан немесе ұлыс сұлтаны тарапынан жүргізіледі. (мал мен мүліктің 10 % ханға олжа, ханның үлесі 9 есебімен беріледі.)
- 6) *Қаз*- бүкіл қазақ елінің бас қосқан кеңесі. (бес қаруы мен ат- сайманы бойында)

Би- сайланбалы қызмет емес; ел ақсақалдарының ұйғарымы, өзара келісімі мен шешімі бойынша елдің салт-дәстүрін білетін, шежіреден хабары бар, аузы дуалы шаруасы түзу; ата-тегі белгілі және елге беделді сыйлы адам би болады.

- Жас ерекшелігіне бағынбайды
 - Өз өмірінде басына дау келтірмейтін
- Шешен тілді, тоқсан ауыз сөздің тобықтай мәнін айтатын
 - Елге күмән, күмәнді өзге себеп **Би** бермеуі тиіс
- Қазақ шежіресін, ру құрылымын, туысқандықты терең айыратын жан
 - Ердің құны, нардың пұлы болса да екі ауыз сөзбен шешетін жан
- Сөзінің салмағы қорғасындай
 - Табиғи қабілет пен білімін терең ұштастырған

Хандық билік

1. Қазақтың жоғарғы билік жүйесінде, яғни саяси-ұлыстық билік деңгейінде мұрагерлік және сайланбалы дәстүр қатар қолданылады.
2. Хан сайлауға — орда, аталықтар, ел басшылары алдын ала дайындық жасайды, қалыптасқан тәртіп хандық биліктің ағадан ініге өтетінін айғақтайды :яғни хан қайтыс болса, оның тағына інісі отырғаны шарт. Хан сайланатын төре Шыңғыс ұрпағының ішіндегі осы елге ертеден «Жасақ» бойынша тағайындалған және ел мүддесіне шын берілген әулеттен болуы керек.
3. Хан сайлау бірнеше күнге созылады және алдымен әр ұлыстың ортасында талқылауларынан кейін ғана бір шешімге келу қарастырылған. Ұлыс елдерінің ішінен шыққан өкілдер (билер, батырлар, сұлтандар) негізгі жиынға барып өздерінің пікірін айтады, сол пікірлер бір жерден шықса ғана хан сайлау өтеді.

4. Қазақтың хан сайлауға қатысты ырымдары мен жоралғылары ең алдымен үлкен ханды сайлауға қатысты. Бұл шара біз қарастырып отырған уақыт мезгілінде Түркістанда Әзіреті Сұлтан мешітінің жанында өткізелетін болған. Әр жүзде ұлыс сұлтандарына қатысты «хан» терминін қолдану бар, бірақ олардың билік иерархиясындағы орыны үлкен ханнан төмен болады.

5. Хан көтерудің шарты ханға үміткерді боз биенің сүтіне шомылдыру, елдің ең белгілі көсемдерінің үміткерді ақ киіз отырғызып көтеруі.

6. Хан сайлауға қатысушылар ақ киізді қылдай қылып бөліп алады. Ханға жақын адамдар оның киімін алады.

7. Хан сайлаудан қайтқан ел ханның мал дүниесін бөліп, айдап алып кетеді /хан талапай/ оның орнын толтырып еселетіп мал береді.



БИЛІККЕ ЖАТАТЫН ІСТЕР

Адамның жеке басына қарсы

рулы елге қарсы

қоғамдық тәртіпке қарсы

дінге қарсы

Қылмыстық істер

Неке мен отбасы тәртібіне қарсылық,

меншік

қоғамдық тәртіп

Құдайға

қарсы (жесір дауы, қалыңмал кіру

(мал-мүлікті,

басқа дінге

дүниені ұрлау)

Жарғы бойынша адам өлімінің үш түрі

жол тәртібін ұстап, кек қуып

әдейі қастандықпен

абайсызда кездейсоқ

Кеңес және жүгініс

- Соттық мәжіліс - әрбір адам белгілі бір қиындыққа тап болған жағдайда белгілі бір адаммен кеңеседі, көмекке жүгінеді. Осыған байланысты қазақ хандығы кезінде көшпенділер қоғамында «Кеңес» және «Мәжіліс немесе жүгініс» органдары болған. Кеңес пен мәжіліс арасындағы ерекшелік белгілі бір істің мәні мен мазмұнына байланысты. Егерде іс өлім, ұрлық, зорлық немесе ру арасындағы қылмыстарға байланысты болса оны *Кеңес* шешкен, онда 8-ден 24-ке дейін билер болған. Жоғарғы биді жазаланушы мен жәбірленуші өздері таңдайды. Егерде іс ірі көлемдегі ұрлықпен, қарақшылықпен, ішкі рулық және көрші рулар арасындағы ұрлық зорлыққа байланысты болса, онда оны «*Жүгініс*» шешеді, онда 6-8 билер және құрметті адамдар болған. «Жүгініске» қатысушылар жоғарғы биді шақырады.

Жан беру


- **Жан беру** — қазақ халқының дәстүрлі құқықтық мәдениетіндегі куәлікке жүрудің ерекше түрі. Әдетте, даулы мәселеде айыпты адамды жазаға тарту үшін айғақ жетіспегенде куәгердің көргені, заттай айғағы, дәлелі есепке алынады. Бірақ кейде ондай дәлел айғақтың да шешім шығару үшін сенімді болмауы мүмкін. Мұндай жағдайда қылмыс істеген адамның ақтығына, кінәсіз екеніне көзі жеткен адам өзінің “басын тігіп” куәлікке жүреді. Кей жерлерде мұны “күмәнға шығу” немесе “кепілге шығу” деп те айтады. Ауыр жазаға, тіпті, кейде өлім жазасына кесілетін адамның ақтығын дәлелдеу үшін бір адам жан беруге шешім қылады. Бұл жазаға ілігіп тұрған адамның ақтығына ант беру деген сөз. Жан беруші адам би, молдалар алдында кебін, яғни ақ киініп, қабір басына барып, кейде қабірдің ішіне түсіп, немесе өлікке құрған шымылдыққа кіріп, жазаға тартылған адамның ақтығына “Құран ұстап жанымды беремін”, “өтірік айтсам Құдай тапсын”, “иманым бұйырмасын”, “аруақ соқсын” деп ант береді. Халық арасында мұны жан беру деп айтады. Халық жан беруші өтірік куәлік берсе, ол сол жерде өліп кетеді деп түсінген. Жан беруден кейін істің ақтығына ешқандай күмән қалмайды, айыпты жазадан босатылады. Куәлікке жүрудің мұндай түрі дәстүрлі қазақ қоғамында сирек кездескен.

ЕКІНШІ ТАҒАН: ЖАРҒЫНЫҢ АЛТЫН ҚАЗЫҒЫ

- 1. Отбасы және неке: туыстық қатынас атадан бастау алып, қарым-қатынастың барлық саласын баурайды.

1. Ата
2. Әке
3. Бала
4. Немере
5. Шөбере
6. Шөпшек
7. Немене
8. Туажат
9. Жекжат
10. Жүрежат
11. Жұрағат
12. ұрпақ

жеті ата



- Қазақ ішінде үш жұрт ұғымы қолданылады: өз жұрты, нағашы жұрты, қайын жұрты.
- **Нағашы- жиен арасы:** Нағашы жиеніне «40 серкеш» беру керек.
- **Ата- ана мен бала арасы:**
 1. Ері қайтыс болса, әйелі мүлікке бала балиғатқа жеткенше ғана иелік етеді.
 2. Ерлер арасындағы жанжалға әйелі кірісіп, қаза болса, оған ешқандай құн төленбейді.
 3. Әкесі баласын өлтірсе, жаза қолданылмайды.
 4. Бала әке-шешесін балағаттаса, қара сиырға теріс қаратып ауыл аралатады немесе дүре соғылады. Ал қызды байлап, шешесінің жазалауына береді.
- **Енші беру-** отбасындағы балалар үйленген кезде, енші беріп жеке шығарады.
- **Төркіндеу** – ұзатылған қызының туған еліне келуі. Төркіндеп келген қызға сыбағасы бөлінеді.
- **Мұрагерлік** – әр адамның өзінің мал-мүлкін жақындарына қалдыруы.
- **Асырап алу** : Бала асырап алатын адам ең алдымен ел ақсақалдарына, билерге өз шешімін хабарлайды. Баланың қолына қойдың не жылқының ортан жілігін ұстатып үйге кереге астынан кіргізеді. Екінші ғұрып: киіз үйдің ішіне енген соң, сол ауылдың кәрі әйелдері тізіліп тұра қалып, бала аяқтарының арасынан өтеді. Бұл, осы елдің баласы ешкім бөтенсімейді деген ишара. Үшінші ғұрып: бала асырап алушының әйелі бір үлкен көйлегін кигіз үйдің оң жағына төсейді. Бұл ишара сол бәйбішенің ішінен шықты дегенді білдіретін ырым.

ПҚыз алып қашу : **1.** Өзінің айттырған қалыңдығын алып-қашса, жігіттің туыстары ат-шапан айып төлейді.

2. Айттырып қойған қыз өз сүйгенімен қашып кетсе, бұрынғы айттырған күйеуіне қалыңмалын қайтарумен бірге, бір қызды айып ретінде береді немесе қалыңмөлшерін төлейді.

3. Қыз әкесі айыпты болмаған жағдайда, қызды алып қашушы төлейді.

ПҚұда тарту : ұлына жар таңдаған әке жақсы ниетін білдіру үшін қалыс адамды жаушы етіп жібереді. Келіссе қалыңмал жайлы ақылдасады.

1. Жігіт жағы келісімді бұзса: ат – тон төлейді және бүкіл китті қайтарады.

2. Егер алдында құдаласып, кейін басқа біреуге үйленсе, онда келісімді бұзған жақ 1 түйе бастатқан тоғыз айыпты төлейді.

ПӘменгерлік: **1.** Жесір әйелге күйеу таңдау, күйеуінің қайтқанына бір жыл толғанда ғана шешіледі.

2. Күйеуі өлген әйел билер шешімімен күйеуінің жақын бір туысына шығу керек. “Ерден кетсе де, елден кетпейді”.

3. Егер күйеуінің ағасы да, інісі де болса ағасына шығу керек.

4. Егер жесір әйел інісін таңдаса, рұқсат. Бірақ жеңге алған інісі ағасына жолы ретінде “тоғыз” тартады.

ПБалдыз алу: **1.** Егер қыз әкесіне құдасы немесе күйеу баласы ұнамаса, әсіресе өлген жерінде ылғи жәбір көрсе, басы бой жеткен қызы бола тұра бермеуге хақылы.

2. Егер марқұмның туған сіндісі айттырылып қойса, немере туыстарының қызын сұрауға хақылы.

3. Өлген қыздың туған сіндісі тым жас болса, оны күйеу жігіттің жас інісіне атастыруға болады.

4. Ал басы бос қызы бола тұра бермесе, қыз әкесі қалыңмалын қайтарып, түйе бастатқан бір тоғыз айып төлейді.

□ **Көп әйел алу:** Тұрмысқа ауқатты адам болса, әр әйелін енші бөліп, жеке ауыл етіп шығару керек; шаруашылық жағын бәйбіше басқарады; әр әйелдің балаларының еншісі шешесіне бөлінген мал- дүниенің есебінен беріледі.

□ **Ажырасу:** ері ұрып-соғып күн көрсетпегендігі дәлелденсе; күйеуінің ақыл- есі дұрыс болмаса; күйеуі әйелін 6 ай 30 күн хабарсыз қалдырса немесе 7 жыл бойы із-түзсіз жоғалса; сыйластық болмаса

□ **Қалыңмал: Бас жақсы-** түзу мылтық, берік сауыт, сәйгүлік, малдағы артық бір түйе немесе 20 жылқы беріледі.

Қарамал- «47» есебіне енеді. Оның ішіне- 1 таңдамалы жылқы не түйе, жеке ту бие, төс ат кіреді, аяқты малдың саны әр жастағы малдан -33.

Ілу- қызын тәрбиелегені үшін ұрын барғанда берілетін кәде.

Той малы- қыз ұзату тойына сойысқа апаратын мал. 20-дан 70 бас жылқыға дейін.

Сұтақы- қалыңдықтың анасына беріледі. 1-7 түйе.

Босағаға байлау- қыз әкесінің босағасына төленетін ақы: 1-2 түйе, жылқы, қалыңмалдың көлемі 57-ден 7 ге дейін кішірейеді.

□ **Жасау-** жігіт жағынан келген қалыңмал мөлшеріне шамалас, кейде одан да асып түсетін мал- мүлік, жасауға киім-кешек, ыдыс-аяқ сияқты мүлік түгел кіреді. Әрқайсысы 9-дан.

МЕНШІК

Меншік – жеке адамның затқа байланысты қарым-қатынасы. Меншік- мемлекеттік, қоғамдық , рулық, жеке бастың меншігі болып бөлінеді. Меншік ұғымы малға, жерге, адамға (кұл не күң), ит пен құсқа, дүние-мүлікке қатысты

- Қала халқы мен отырықшы егіншілер мемлекет қазынасына өз өнімінің $1/10$ бөлігін жыл сайын береді.
- Даланың көшпелі мал баққан халқы $1/20$ бөлігін береді.
- Хан мен ұлыс сұлтанына әр ата баласы жылына “соғым” беріп отыруы тиіс.
- Жол сапармен жүрген ел басшысына әр отбасы “сыбаға” беруі тиіс.
- Мемлекет мүддесі үшін ел басшылары ел үстінен зекет жинауға хақылы.

- **Зекет:** Зекет басы шаруашылығы бүтін азаматтардың бәріне бірдей міндет.
- 1. Әр адам ең алдымен өз ағайына, көршілері жоқшылық көрсе соларға көмектескені абзал.
- 2. Содан кейін жарлы-жақыбайға, науқас адамдарға, ел мүддесі үшін жұмсалатын шығындарға, қажы жолына барамын деген нашарларға беру парыз.
- 3. Түйе малының 5-тен кеміне зекет жоқ. 5-9 түйесі болса 1 қой, 10-14 дейін 2 қой...
- 4. 40 сиырдан – 1 құнан өгіз, 60 –қа толса 2...
- **Жеке меншік:** әр рудың өзінің қысқы-қонысы, жаз жайлауы болу керек; мешіттер өз иелігіне жерді халқының рұқсатымен алады; құл мен күң иесінің меншігінде; егер бір ру белгілі жерді 9 жыл қыстаса меншігіне өтеді.
- **Малға меншік** ру таңбасымен анықталады. Мал ұрлығы үш тоғыз айыппен қайтарылады.
- **Көшу-қону :** Егер көшбасшысы ауылдың қонатын жеріне белгі қоймаса кез- келген ауыл келіп сол жерге қона береді. Қонатын жерге **белгі** найза шаншиды, құрықты бекітеді, рудың таңбасын салады, ру басы белгілі бір затын қалдырып кетеді.
- **Меншікке қол сұғу:** Ұрланған мал саны 2 не 3 болса, ұры айыпты 9бен төлейді. Ұрланған мал ұры қолында қанша болса сонша өсіммен алынады.
- **Сауда-айырбас:** Айырбасқа түсетін дүние-мал ұрлықтан келген болмауы керек. Егер сатушы біліп тұрып ұрлықтан не алдап алудан түскен затты сататын болса затты иесіне қайтарып айыбын төлейді.

ҚОҒАМДЫҚ ӨМІР

Ақсүйек- Шыңғыс ханнан тарайтын әлеуметтік топ

- Хан, төрелер,
сүйек

Асыл сүйек-түбі пайғамбардың (с.ғ.с.) жұрағаты болып келетін топ

- Қара

Қара сүйек- қарапайым халық

- **Қарым-қатынас: 1.** Егер ұлыс сұлтанын қара қазақ сөзбен жәбірлесе - бір тоғыз есебімен төлем.
- **2.** Егер ұлыс сұлтанына қара қазақ қамшы көтерсе үйірмен 3 тоғыз айып салынады.
- **3.** Әлеуметтік жағдайы қатар адамдар бір –бірін ренжітсе ел алдында кешірім сұрап бітіседі. Егер ел алдына шықпаса, би кішісіне бір тоғыз немесе ат- тон айып кеседі.
- **4.** Егер күштінің бірі нашар адамды ренжітсе 1 қой мен мата береді.
- **Қонақасы-** қонаққа арналған дәм. Үй иесі қонақасы беруден бас тартса жолаушы сол елдің биіне барып, арызын айтып ат-тон алуға хақылы.
- **Бәйге:** Аламан бәйгелерге үлкен сый беріледі. Әсіресе, белгілі дәулетті адамдарға ас берілгені кемі 20-25 атқа бәйге беріледі. 1 – орынға 100 жылқы, 100 қой, 9 түйе, жібекпен жауып төрт қанат отау тігіледі. Кейін келген аттардың бәйгесі біртіндеп азая береді.
- **Сауын:** Сауын жағдайы келіскен шаруасы түзу адам, өзінің көрші-қолаңына, туыс- жақынына сауынға мал береді. Мал иесінің жағдайына байланысты сауынды пайдаланушы өсімімен не өсімсіз қайтарады.
- **Көлік көмек:** Ағайын- туыс , көрші- қолаң арасындағы көмектің бір түрі. Қашанда баққан малының ыңғайымен қоныс ауыстырып көшіп жүретін қазақ елі үшін дүние-мүлкін теңдейтін алыс жолға шыдамды күш көлік басты қажеттілік.

Қызыл көтеру: Ағайын елдің арасындағы, ауыл ішіндегі өзара көмек. Егер бір адамның үлкен малы аяқ астынан өліп, қиындық көрсе жақын туыс, көршілері бір ұсақ малдан береді. Ол үшін мал иесі өлген малының адал бауыздап алса, бір- бір жілігін көршілеріне таратып береді. Сол жіліктердің орнына жиналған малға ірі мал сатып алады.

Шүлен тарату- Аса байып кеткен адамдардың немесе бір себептермен құдайы деп елге көмек не мырзалық көрсеткісі келген адамдардың арасында кездесетін өз меншігіндегі мал дүниені тарату.

Жылу- әр түрлі табиғи апат салдарынан мал мен дүниесінен айырылып, күн көруі қиындап кеткен адамдарға қазақ баласынан көмек көрсетуі.

Жұртшылық- тек көрші адамдар ғана емес көрші рулар арасындағы көмек.

Сұрап алу кәделері: Қандас туыстар әрқашанда отау тігіп, бөлек шыққан туысқанына немеурін сұрап келсе мал- мүлкінен қолынан келгенше көмектесуге міндетті.

Ас беру- бір рудың сауын айтып (хабаршы жіберу) арқылы басқа руларды елге қонақасына шақыру.

1. Егер ас иелері келгендерді дұрыс қабылдамаса, олар ас иелерінің үстінен арыз айтуға хақылы.
2. . Егер келген адамдар тәртіпті бұзса (кешігіп келу, төбелес бастау) ас иелері олардың үстінен арыз айтуға хақылы.

ДІН ЖӘНЕ ШАРИҒАТ ЖОЛЫ

- Жарғы мазмұнында дінге қатысты бірнеше талап бар:
 2. Құдайға тіл тигізген адам: өлім жазасы
 3. Өзге дінге кірген: мал – мүлкінен, отбасынан айырылады
 4. Өзін-өзі өлтірген адам: жаназа оқылмайды, ру құрамынан бөлек жерленеді
 5. Жалған ант беру : бозқасса шалып ақталуы қажет
 6. Қарыз беру: өсіммен беруге хақы жоқ
 7. Мұра ұлдарға 2 есе, қыздарға 1 есе
 8. Ері әйелінің мал-мүлкіне қол сұға алмайды
 9. Ұрлық жасау: 10 дирхемнен көп болса бір қолы кесіледі
 10. Шариғат бойынша алдын ала тергеу жұмысы жүргізілмейді
 11. Тонау ауыр қылмыс
 12. Зинаға байланысты жалған куәлік беру : 30 рет дүре
 13. Арақ ішіп, тыныштық бұзса: 80 рет дүре
 14. Діннен шығу: таспен өлтіру
 15. Қоғамдық тәртіпті бұзу: көтеріліс; өлім жазасы
 16. Адам өлтіру: 1. Өлім жазасы
2. Туыстары кешірім берсе; қылмыскер құн төлейді
- 16. Қылмыс шариғатта көретілмесе: Қазы өз түсінігі бойынша жаза кеседі (тазир)

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

❖ *Қазақтың Ата заңдары
(тоғызыншы том)*